

**2009 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттердің ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 11 Қаулысы

"2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12 және 20-баптарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2009 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекітілген - ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын уақтылы және нысаналы пайдаланды;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану туралы есептерді есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2009 жылғы 16 қаңтардағы  
N 11 қаулысымен  
бекітілген

**2009 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі**

1. Осы 2009 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) "2009-2011

жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12 және 20-баптарына сәйкес әзірленген.

Ереже облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша пайдалану т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы :

1) 010 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

2) 027 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға бөлінетін ағымдағы н ы с а н а л ы т р а н с ф е р т т е р " ;

3) 028 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

4) 038 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер "

2. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына, мемлекеттік сатып алу туралы және денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2009 жылғы 15 қаңтарға д е й і н г і м е р з і м д е :

1) 2009 жылға арналған болжамды бағаларды ескере отырып, аурулар түрлерінің тізбесі мен амбулаториялық және стационарлық емдеу кезінде дәрілік заттардың, вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттардың бірыңғай номенклатурасын, сондай-ақ олардың көлемін айқындайды;

2) уәкілетті орган бекіткен медицина техникасымен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен нормативтерінің (стандарттарының) шеңберінде жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдарына арналған медициналық жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен келіседі.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.09. N 1335 Қ а у л ы с ы м е н .*

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды, диабетке қарсы препараттарды, туберкулезге қарсы препараттарды, онкологиялық сырқаттарға және гематологиялық сырқаттарға химиялық препараттар сатып алу, гемофилиямен ауыратын ересек

сырқаттарға арналған қан ұйыту факторларын және жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары үшін осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес медициналық жабдықтарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың бірыңғай ұйымдастырушысы болады.

Конкурстық комиссияның құрамына облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтауды басқару органдарының өкілдері кіреді.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.09. N 1335*

**Қ а у л ы с ы м е н .**

5. Денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары АИТВ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын балаларды емдеу үшін, лейкемиямен ауыратын балалар үшін дәрілік заттарды, жіті миокард инфаркт сырқаттарына тромболитикалық препараттарды сатып алу жөніндегі, осы Ережеге 1-қосымшада санамаланған медициналық жабдықтарды қоспағанда, жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары үшін медициналық жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың ұйымдастырушылары болады.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.09. N 1335*

**Қ а у л ы с ы м е н .**

6. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер гематологиямен ауыратын ересектерді химиялық препараттармен, жіті миокард инфаркт сырқаттарын тромболитикалық препараттармен, гемофилиямен (В гемофилияны қоса алғанда) ауыратын ересек сырқаттарды қан ұйыту факторларымен қамтамасыз ету, аурулардың алдын алуға, салауатты өмір салтын насихаттау мен қалыптастыруға, психоэмоционалдық және физикалық жүктемелерге үстемеақы алатын лауазымдар мен мамандықтардың (неонатологтар, операцияларға қатыспайтын хирургиялық бөлімшелердің мейірбикелері, онкогематологтар) тізбесін кеңейтуге және ауыр (аса ауыр) физикалық жұмыс және зиянды (аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмысшыларға, туберкулезге қарсы қызмет, сәулелік диагностика мамандарына үстемеақыларды ұлғайтуға, коронаграфиялық зерттеулерге, Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының тегін медициналық көмектің кепілді көлемін қаржыландыруды орта өңірлік деңгейге дейін кезең-кезеңмен жеткізуге п а й д а л а н ы л а д ы .

7. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының заңнамада белгіленген тәртіппен объектіні пайдалануға беру туралы бекітілген актісі облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жанадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға ағымдағы нысаналы трансферттер бөлу үшін шарт болып т а б ы л а д ы .

Ағымдағы нысаналы трансферттер күрделі сипаттағы шығыстарды қоспағанда,

жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға байланысты ағымдағы шығыстарға пайдаланылады.

Денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары объектіні пайдалануға беру кешіктірілген жағдайда 2009 жылғы 1 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне тиісті қаржы жылына арнап бекітілген сома шегінде қаражатты объектілер арасында қайта бөлу туралы ұсыныстар енгізеді.

8. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер медициналық жабдықтар, медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алуға пайдаланылады.

*Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.09.09. N 1335 Қаулысымен.*

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімнің, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың жеке жоспарының негізінде жүргізеді.

10. Осы Ережеге қосымшаларға сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің медицина ұйымдарының арасында медициналық жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлуді ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану бағыттарына сәйкес денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады.

11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне есеп береді.

2009 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесіне

1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.09.09. N 1335 Қаулысымен.*

**Конкурстың бірыңғай ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі болып табылатын жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы**

**қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің шеңберінде 2009 жылы сатып алынатын медициналық жабдықтардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі**

Р/с N	Атауы
1	2
1.	Туберкулезге қарсы мекемелер үшін көп функционалды рентгендідиагностикалық сандық аппарат
2.	Туберкулезге қарсы мекемелер үшін ультрадыбыстық диагностика аппараты
3.	Туберкулезге қарсы мекемелер үшін торакоэндовидескопиялық кешен
4.	Туберкулезге қарсы мекемелер үшін биохимиялық талдағыш
5.	Туберкулезге қарсы мекемелер үшін гематологиялық талдағыш
6.	Туберкулезге қарсы мекемелер үшін микробиологиялық талдағыш
7.	Туберкулезге қарсы мекемелер үшін иммундық-ферменттік талдағыш
8.	Туберкулезге қарсы мекемелер үшін биологиялық қауіпсіздік шкафы-ламинар
9.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін өкпені жасанды желдету аппараты
10.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін жаңа туған нәрестелерге арналған жүрек жиырылуының жиілігін кеңейтілген мониторингпен өкпені жасанды желдету жүргізетін, электрокардиография, сатурация, температура стационарлық аппараты
11.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін рентгендік диагностикалық жылжымалы аппарат
12.	Балалар ауруханалары, емханалары (бөлімшелері) үшін рентгендік диагностикалық стационарлық сандық аппарат
13.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін ингаляциялық наркозға арналған аппарат
14.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін жаңа туған нәрестелердің ингаляциялық наркозына арналған аппарат
15.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін инкубатор (кювез)
16.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін бергіштер, доплер мен принтер кешенімен ультрадыбыстық диагностика аппараты
17.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін биохимиялық талдағыш
18.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін гематологиялық талдағыш
19.	Балалар ауруханалары (бөлімшелері) үшін жылытқышы бар реанимация үстелі
20.	Босандыру ұйымдары үшін өкпені инвазиялық емес желдетуді жүргізе отырып, шала туған нәрестелер үшін өкпені жасанды желдету аппараты
21.	Босандыру ұйымдары үшін жаңа туған нәрестелерге арналған жүрек жиырылуының жиілігін кеңейтілген мониторингпен өкпені жасанды желдету жүргізетін, электрокардиография, сатурация, температура стационарлық аппараты
22.	Босандыру ұйымдары үшін құрылған мониторинг жүйесі бар шала туған нәрестелерге арналған инкубатор
23.	Босандыру ұйымдары үшін жаңа туған нәрестелердің өкпені жасанды желдету аппараты мен мониторинг бар көліктік инкубатор
24.	Босандыру ұйымдары үшін өкпені жасанды желдету аппараты
25.	Босандыру ұйымдары үшін жаңа туған нәрестелерге арналған инкубатор
26.	Босандыру ұйымдары үшін жаңа туған нәрестелерге арналған реанимация үстелі
27.	Босандыру ұйымдары үшін портативті неонатальды монитор
28.	Босандыру ұйымдары үшін жаңа туған нәрестелерге арналған қан газдарын тері арқылы мониторингтеу жүйесі бар монитор
29.	Босандыру ұйымдары үшін эндоскопиялық хирургияға арналған жиынтық

30.	Онкологиялық ұйымдар үшін сәулелік терапия аппараттары
31.	Шығыс материалын қоса алғанда, кардиохирургиялық орталықтар (бөлімшелер) үшін медициналық жабдық пен медициналық мақсаттағы бұйымдар

2009 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесіне  
2-қосымша

**2009 жылы облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу**

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2273 Қаулысымен.*

мың теңге

Р/с №	Өңірлердің атауы	Туберкулезге қарсы мекемелерді жарақтандыру	Балалар мен босандыру ұйымдарының медициналық жабдықтармен жарақтандырылу деңгейін жарақтандырудың ең төменгі нормативіне дейін жеткізу	Онкологиялық ұйымдарды рентген сәулелі аппараттармен жарақтандыру	Кардио-хирургиялық орталықтарды (бөлімшелерді) жарақтандыру	Қалалық емханаларды медициналық жабдықтармен жарақтандыру
1	2	3	4	5	6	7
1.	Ақмола облысы	77 749	190 309	11 700	120 140	-
2.	Ақтөбе облысы	261 000	132 952	219 743	-	123 125
3.	Алматы облысы	84 592	221 594	193 388	71 940	-
4.	Атырау облысы	87 000	121 147	124 788	71 940	-
5.	Шығыс Қазақстан облысы	377 960	296 839	-	110 558	-
6.	Жамбыл облысы	77 380	188 118	227 956	514 620	-
7.	Батыс Қазақстан облысы	-	128 289	103 168	71 940	111 306
8.	Қарағанды облысы	-	167 872	-	909 480	-
9.	Қостанай облысы	115 686	224 244	-	143 880	-
10.	Қызылорда облысы	-	113 385	-	514 620	-
11.	Маңғыстау облысы	147 270	118 733	-	493 038	-
12.	Павлодар облысы	86 372	154 947	286 468	107 910	-
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	53 918	106 250	-	107 910	-

14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	-	337 455	27 000	143 880	-
15.	Алматы қаласы	-	269 344	-	-	-
16.	Астана қаласы	-	171 971	-	-	-
	Жиыны:	1 368 927	2 943 449	1 194 211	3 381 856	234 431

**кестенің жалғасы**

**МЫҢ ТЕҢГЕ**

		Магнитті-резонансты томографпен жарактандыру	Қан орталықтарын жарактандыру	Барлығы
		8	9	10
1.	Ақмола облысы	-	-	399 898
2.	Ақтөбе облысы	-	-	736 820
3.	Алматы облысы	-	-	571 514
4.	Атырау облысы	-	-	404 875
5.	Шығыс Қазақстан облысы	-	-	785 357
6.	Жамбыл облысы	-	-	1 008 074
7.	Батыс Қазақстан облысы	-	-	414 703
8.	Қарағанды облысы	100 144	-	1 177 496
9.	Қостанай облысы	-	-	483 810
10.	Қызылорда облысы	-	-	628 005
11.	Маңғыстау облысы	-	-	759 041
12.	Павлодар облысы	-	-	635 697
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	-	-	268 078
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	-	-	508 335
15.	Алматы қаласы	-	-	269 344
16.	Астана қаласы	-	49 600	221 571
	Жиыны:	100 144	49 600	9 272 618